

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Қазақстан
Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі арасындағы
меморандумның 2018 жыл үшін орындалуы туралы
ЕСЕП**

Р/с №	Меморан дум тармағын ың №	Түйінді нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есептік жылға арналған жоспарлық мәні (2018 жыл)	Нақты мәні (2018 жыл)	Орындалу коэффициен ті
1	2	3	4	5	6	7
1.	1.	Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құнының өсуі	алдыңғы жылға %-бен	3,9	2,7	0,99
2.	2.	Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігінің өсуі	алдыңғы жылға %-бен	6,6	8,7	1
3.	9.	Агроөнеркәсіптік кешендегі жұмыспен қамтылғандар саны	мың адам	1417	1333,4	0,94

Ауыл шаруашылығы министрі



С. Омаров

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
арасындағы меморандумның 2018 жыл бойынша
орындалуы туралы есепке талдамалық жазба**

1) Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құнының өсуі (нысаналы мәні – 3,9 %).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша (бұдан әрі – Статистика комитеті) агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құнының көлемі 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда 3 483,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылдың тиісті кезеңінен 2,7%-ға артық.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ.

Себептері:

Көрсеткішке қол жеткізілмеу себебі тамақ өнімдерін өндіру қарқындарының төмендеуі.

Мәселен, тамақ өнімдері өндірісінің нақты көлем индексі 2018 жылғы қаңтар–желтоқсанда 101,6%-ды құрады, бұл жоспарланған мәннен 3%-ға аз.

Шикізаттың жетіспеушілігі, инфрақұрылымның дамымауы және логистикамен болған проблемалар салдарынан 4 өңірде (*Жамбыл облысында - 23,5%, Ақтөбеде - 7,9%, Маңғыстауда - 0,3% және Қостанай облысында - 2,0%*) төмендеу байқалды.

Жамбыл облысында – Тараз қаласындағы (125 мың тонна қант жоғалту) және Мерке ауданындағы (80 мың тонна қант жоғалту) зауыттарда импортталатын құрақ қант шикізатын сатып алуға айналым қаражатының болмауына байланысты қант өндірісінің тоқтатылуы.

2018 жылғы IV тоқсанның соңында бұл мәселе шешілді.

Сонымен, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 01-8/47 хаттамалық тапсырмасын орындау үшін, ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ мен «Тараз қант зауыты» ЖШС құрақ қант шикізатын сатып алуға және өңдеуге келісімшарт жасасты.

Сонымен бірге, отандық қант өндірісі 221 мың тоннаны құрады (құрақ қанты – 161,2 мың тонна, қызылша қанты – 59 мың тонна) бұл халықтың қажеттілігін 100%-ға жапты. Бұдан басқа, ең ірі өнеркәсіптік қант тұтынушылардың қажеттілігі арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде үшінші елдерден бажсыз әкелу есебінен қамтамасыз етілетінін айта кету керек. Осыған байланысты, облыс аумақтарындағы қант зауыттарының уақытша тоқталуы салаға кері әсерін тигізген жоқ.

Ақтөбе облысында – өсімдік майын өндіретін кәсіпорында жабдықтардың жоспардан тыс жөндеуден өткізілуі («Ақтөбе Фудс» ЖШС-да өндірісті шамамен 2,5 айға тоқтату, жоғалту - 7,2 мың

тонна), сондай-ақ өсімдік майын өндіретін зауытты (қуаттылығы жылына 36,0 мың тонна дайын өнімді өндіретін «АкМЭЗ» ЖШС) пайдалануға беру мерзімін 2019 жылдың қаңтарына ауыстыру.

Өзбекстан мен Қырғызстанның өз өндіріс көлемін ұлғайтуына, дайын өнімді әкелуге және транзитке (Ауғанстанға экспорттау кезінде) баж салығының болуына байланысты экспорттың қысқаруы салдарынан экспортқа бағдарланған ұн тарту кәсіпорындары «Жаңа-Әлжан диірмен комбинаты» ЖШС-да, «Рамазан» ЖШС-да өндіріс көлемдерінің төмендетуі.

Облыстағы өсімдік майы өндірісінің төмендеуі кері әсерін тигізбейді, бұл қуаттылығы көп емес кәсіпорындарға байланысты.

Маңғыстау облысында – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға сүт өнімдерін жеткізуге жасалған шарт мерзімінің аяқталуына байланысты (2018 жылдың екінші жартысында тендерді басқа компания жеңіп алған) «Жаңаөзен сүт зауыты» ЖШС кәсіпорнының өндірісі көлемінің төмендеуі.

Қостанай облысында – 7 кәсіпорында («Азия Ұны» ЖШС, «Аруана-2010» ЖШС, «МАН» ЖШС, «Роман Нан» ЖШС, «Сапсан Кост» ЖШС, «Ақ Бидай» ЖШС, «Қостанай Майлинг Сити» ЖШС) вагондардың жылжымалы құрамының жеткізілмеуіне, айналым қаражатының жоқтығына және Өзбекстандағы ішкі нарықты қорғау шараларының өсуіне байланысты ұн өндірісінің 2,7%-ға төмендеуі.

Облыста ұн өндірісінің төмендеуі кері әсерін тигізбейді, өйткені жалпы отандық өндірушілердің ұн өндірісі халықтың қажеттілігін 2,5 есе жабады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде көрсеткішке қол жеткізбеу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізбегенін айта кету керек.

2) Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігінің өсуі (нысаналы мәні – 6,6 %).

Статистика комитетінің деректері бойынша Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігінің өсуі 2018 жылғы қаңтар-желтоқсан қорытындысы бойынша бір адамға шаққанда 2 612,4 мың тенгені құрады, бұл 2017 жылдың тиісті кезеңінен 8,7%-ға артық.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

3) Агроөнеркәсіптік кешенде жұмыспен қамтылғандар саны (нысаналы мәні – 1 417 мың адам)

Статистика комитетінің деректері бойынша агроөнеркәсіптік кешенде жұмыспен қамтылғандар саны 2018 жылғы қаңтар-желтоқсан қорытындысы бойынша 1 333,4 мың адамды құрады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ.

Себептері:

Жоспарланған көрсеткішке қол жеткізбеу негізінен халықтың қызмет салаларын ауыстыруы, өндірісте цифрландыру мен автоматтандыруды қолдану есебінен болды.

Бұл ретте көрсеткішке қол жеткізбеу елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізген жоқ.

Ауыл шаруашылығы министрі



С. Омаров